

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**2019 жылғы 21 қазан**

### **БЖЗҚ шағым беру құқығын пайдаланды**

Желіде заңгер Жангелді Сүлеймановтың сотқа Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының үстінен түсірген талап арызы талқыланып жатыр. Заңгер соттан таяуда Қор активтеріне жүргізілген аудитті заңсыз деп тануды талап етуде. Өйткені оның пікірінше аудит барысында өрескел қателіктерге жол берілген.

БЖЗҚ талап арызбен танысып шыққан соң, арыздың сотқа сол ұсынылған күйінде қаралуы мүмкін еместігін атап көрсетті. Өйткені ол азаматтық іс жүргізу заңнамасының талаптарына жауап бермейді. Оның үстіне айтарлықтай негіздемелер келтірілмеген. Соның нәтижесінде БЖЗҚ сотқа істі қарауды тоқтату керектігі туралы өтінішхат ұсынды. Алайда Алматы қаласының азаматтық істер бойынша №2 Бостандық аудандық соты үстіміздегі жылдың 30 қыркүйегінде оның Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінің (ҚР АПК) 29 тарауының (Мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу) талаптарына сәйкес еместігіне байланысты өтінішхатты қанағаттандырмай тастады.

Ал БЖЗҚ-ның ҚР Азаматтық процессуалдық кодексіне, сондай-ақ Соттардың Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 29-тарауының нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 20 нормативтік Қаулысына негізделген пікірі бойынша заңгердің мәлімдеген талабы ҚР АПК көрсетілген тарауының тәртібінде қаралуға жатпайды. Ол қайта тұжырымдалып, негізделіп, талап өндірісі аясында өзге негіздемелер бойынша ұсынылуы тиіс. Өйткені заңның мәнісі бойынша соттың Ұйғарымы процессуалдық істерді, бірқатар жағдайларда материалдық құқықтар мен міндеттерді туындатуға, өзгертуге, тіпті тоқтатуға негіз болып табылады. Бұдан басқа соттың өз Ұйғарымы бойынша БЖЗҚ-ға осы Ұйғарымға қатысты шағым түсіру құқығы берілген.

Осылайша соттың өз Ұйғарымымен БЖЗҚ-ға процессуалдық міндеттемелер жүктегенін ескере отырып, БЖЗҚ осы Ұйғарымға шағым түсіру құқығын пайдаланды. Бұған қоса атап өту керек, БЖЗҚ азаматтық процессуалдық кодекстің талаптарын сақтай отырып, Сүлеймановтың мәлімдеген талабының мәні бойынша тек құқықтық кеңістікте түсінік беруге дайын.